

## ЖОСПАРЛЫ ЖҰМЫС – жетістік кілті

Кезекті ректорат мәжілісінде оқытушы-профессорлар құрамы, факультет және кафедра деңгейіндегі индикативтік жоспардың орындалу барысы талқыға түсті.

Бұл жөнінде бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев 2017-2018 оқу жылының алғашқы жартыжылдығындағы университеттің индикативтік жоспарының орындалуы туралы баяндама жасады. Ол жоспардағы барлық бағыттардың көрсеткіштеріне және биылғы жылы жоспарда өзгертілген оқу-әдістемелік жұмыс, халықаралық ғылыми білім беру қызметі, ғылыми-зерттеу және инновациялық қызмет, әлеуметтік-тәрбие жұмысы бағыттары бойынша орын алған мәселелерге тоқталып өтті.

Жалғасы 2-бетте

## Кәсіби бағдардың БЕРЕРІ МОЛ

Ел экономикасының ертеңі «дүниеге кірпіш боп қаланатын» бүгінгі жас ұрпаққа тікелей байланысты. Ұлы ақын Сұлтанмахмұт айтқандай, «алдында толған мақсат, толған таңдау» тұрған балауса қыз-жігіттің өмірлік кәсіп пен мамандықты тап басып таңдай алуы үшін жоғары оқу орындары мен колледждер есіктерін айқара ашып, «біздерде мынадай бар, мынадай бар» дегендей, бар жақсысын жайып салуда.

Ғалымдардың атап көрсетуінше, мамандық таңдау – өте жауапкершілікті әрі маңызды шаруа. Мұнда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйенуге, сондай-ақ өз мамандығының 10-20 жылға дейін сұранысын жоғалтпауына көңіл бөлуге тиіс. Бүгінде «қатардан қалмаған» кәсіптерге дәрігер, мұғалім және құрылысшы мамандықтарын жатқызуға болады. Ал өзекті кәсіптер қатарына биотехнология, баспа, дизайн және еңбек сұранысына қажетті жана мамандықтар кіреді. Қоғам дамуы кәсіп иелерінен жоғары біліктілікті, шығармашылық қабілетті, еңбекке деген сүйіспеншілікті, қызығушылықты, әрдайым білім арттыруға даярлықты талап етеді.

«Өнер» бағытына жатқызылатын баспа және дизайн мамандықтары замана сұранысы өмірге әкелген жана кәсіптер санатында. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультеті осы мамандықтар бойынша кадр даярлауға соңғы жылдары ғана кірісті. Соған қарамастан жер-жердегі мектеп шәкірттерінің бұл мамандықтардың қыры мен сырын ұғынуға деген ықыласы мол. Осыны елеп-ескерген баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасы жуырда Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданының Тасарық ауылдық мекеніндегі Токболат Тоғысбаев атындағы және Қасқасу ауылындағы Бексейіт Тұлқиев атындағы орта мектептің 11-сынып оқушыларымен кездесу өткізіп, арнайы «ашық есік» күнін ұйымдастыруды қолға алды.

Тілге тиек етіліп отырған қылқалам шеберлері Токболат Тоғысбаев пен Бексейіт Тұлқиев – қазақ мәдениеті мен өнеріне үлкен еңбек сіңіріп, артына мол мұра қалдырған тұғырлы тұлғалар.

Жалғасы 7-бетте

## ВЕНЕЦИЯДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІНІҢ ОРТАЛЫҒЫ

Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында жаңа жаһандық ақиқат жағдайындағы бәсекеге қабілеттілік жайлы айта келе, Қазақстан әлемге мұнай ресурстары және ірі халықаралық бастамаларымен ғана емес, мәдени жетістіктерімен де танылуы керектігін атап өтті. Осы маңызды жұмыста академиялық қоғамдастық пен университеттердің атқарар рөлі ерекше.



Жана жылдың алғашқы күндерінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің делегациясы Италияның әйгілі мәдени және туристік орталығы Венецияда орналасқан Ка'Фоскари университетінде болды. Оқу орнының көп ғасырлық тарихы мен бай дәстүрі бар және Еуропа мен әлемнің үздік университеттерінің бірі болып саналады.

Серіктес университеттер екі жыл бойы ғылыми ынтымақтастық пен студент алмасу жұмыстарын белсенді жүргізді – қазіргі таңда бағдарлама бойынша ҚазҰУ-дың 10 студенті Ка'Фоскари университетінде білім алып жатса, өз кезегінде Қазақстан жағы италиялық жоғары оқу орнының студенттерін қабылдауда.

Дамып келе жатқан жемісті ынтымақтастықтың нәтижесі ретінде ресми сапар барысында Ка'Фоскари университетіндегі Қазақстан орталығының жұмысы басталды.

Ресми кездесуде ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов пен Ка'Фоскари университетінің ректоры Мишеле Буглиеси екі жақты ынтымақтастықты одан әрі кеңейту, қазақстандық орталықтың дамуы мен жұмысын алға жылжыту жөніндегі сұрақтарды талқылады. Аталмыш орталықтың қызметі мамандарды бірге даярлау аясында академиялық алмасуды қолдауға, бірлескен ғылыми-білім беру жобаларын дамыту және жүзеге асыруға, қазақстандық және италиялық авторлардың кітаптары мен монографияларын аударуға және т.б. бағытталған.

Қазақстан студенттерінің Италия тілі мен мәдениетіне деген қызығушылығын назарға ала отырып, ҚазҰУ базасында Италия тілі мен мәдениеті орталығын құру жөнінде ұсыныс айтылды. Серіктес ЖОО-ларда орталықтардың ашылуы ынтымақтастықты жаңа сапалы деңгейге көтереді, ал олардың қызметі Қазақстан мен Италия арасындағы достық көпіріне айналатын болады.

Сондай-ақ сапар барысында ғылыми-білім беру жетістіктері мен Қазақстанның мәдени мұрасын танытуға бағытталған айтулы оқиға орын алды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы және Ка'Фоскари университетімен бірлесіп «Қазақстанмен танысу: Жаңа Жібек жолын қарсы алу» атты халықаралық конференцияны ұйымдастырып өткізді.

Шара Италиядағы Қазақстан Республикасының Елшілігі мен Қазақстандағы Италия Елшілігінің қолдауымен өтті.

ҚР-дағы Италия Елшісі Стефано Раваньян конференцияда сөйлеген сөзінде Қазақстанның кеңінен танылуы үшін мұндай кездесулердің маңыздылығын, сонымен қатар экономика саласында ғана емес, білім беру мен ғылымда да екіжақты қарым-қатынастарды кеңейту қажеттігін тілге тиек етті. Ка'Фоскари университетінің Азия және Африка департаментінің директоры Альдо Феррари ҚазҰУ ректорымен өткен кездесу және конференция екі ЖОО қарым-қатынасын жаңа даму сатысына көтергеніне назар аударды.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын жүзеге асыруға белсене кіріскен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бірқатар ғылыми-білім беру және мәдени жобаларды бастап, жүзеге асыруда. Осылайша, университет химия және химиялық технологиялар бойынша Росток (Германия) және Карачи (Пәкістан) қалаларында бірлескен зертханалар ашты, Цукуба университетімен бірге Кампустағы кампус жобасы бойынша жұмыс атқарылуда, ҚазҰУ Пекин шет тілдер университетінен Қазақстан мәдени орталығын, ал Шанхай шет тілдер университетінен қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасын ашты, Ыстамбұл және Иордания университеттерінде Әл-Фараби орталығы құрылған, сондай-ақ Нидерландыда Әл-Фараби орталығын құру мақсатында жұмыс жүргізілуде.

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН

### БҮГІНГІ САНДА:

МИРОВОЕ ПРИЗНАНИЕ  
ДОСТИЖЕНИЙ  
КАЗАХСТАНСКИХ УЧЕНЫХ



2-стр

БЕЛГІЛІ ҒАЛЫМ,  
БЕДЕЛДІ ҰСТАЗ



5-бет

ҚАЗҰУ ҰЖИМЫ САЛАМАТТЫ  
ӨМІР САЛТЫН ҚОЛДАЙДЫ



8-бет



## МИРОВОЕ ПРИЗНАНИЕ ДОСТИЖЕНИЙ КАЗАХСТАНСКИХ УЧЕНЫХ



и учеными Восточно-Казахстанского государственного технического университета имени Д.Серикбаева, г.Усть-Каменогорск. В целом, инновационные разработки авторского коллектива подтверждены материалами 2-х открытий мирового масштаба, 10 технологиями, 18 патентами, 4 предпатентами и 9 актами внедрения.

Разработанные коллективом авторов технологии по извлечению, переработке бериллия и выпуску готовых изделий внедрены в промышленном масштабе на производстве. На базе внедрения новых технологий авторам удалось получить более 150 новых видов экспортно-ориентированной продукции из оксида бериллия с уникальными

электрофизико-химическими свойствами. Данная продукция экспортируется на оборонные предприятия военно-промышленного комплекса России, Украины, Беларуси, Польши, Израиля.

Уже сейчас высокую заинтересованность в внедрении данной разработки на собственных предприятиях проявляют ведущие страны мира: США, Китай, Россия, Индия и др.

Полученные достижения являются результатом многолетнего сотрудничества коллектива, представляющего собой реальную интеграцию науки-образования-производства и способствует выходу отечественной науки на новые рубежи развития.

Соб.кorp.

### ■ ҚЫСҚА-НҰСҚА

Тұрақты даму саласы (MDP) бойынша білім алып жатқан бір топ магистрлер және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Түлектер орталығының студенттері Қазақстан Президентінің тарихи сөз сөйлеу сәтіне куә болу үшін БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің Нью-Йоркте өткен жаһандық пікірталасына қатысты.

Нью-Йоркте өткен БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде Президент Нұрсұлтан Назарбаев ядролық қаруды таратпау туралы баяндама оқыды. Бұл баяндама Қазақстан Республикасы үшін тағы бір тарихи оқиға болып табылатын Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде төрағалық етуімен байланыстырылуда.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен қатысушы студенттер Нью-Йоркке оқу үдерісі бойынша, яғни Колумбия университетімен (SIPA) студент алмасу бағдарламасы келісімшарты аясында келді. Он күндік сапар барысында олар бірнеше пәндер бойынша жетекші тәжірибелі мамандар мен ғалымдардан дәріс алады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Студенттік баспасөз орталығы

\*\*\*

ТҮРКСОЙ орталығы «ҚР ЖОО-ларында түрік тілін оқығудың өзекті мәселелері» атты 72 сағаттық ғылыми-әдістемелік семинар өткізді.

ТҮРКСОЙ орталығының директоры, ф.ғ.к. З. Шадкам өз сөзінде Алматыда, тіпті республикамыз бойынша мұндай іс-шаралардың үлкен маңызға ие екендігін айтты. Себебі түрік тілін оқыту барысын ортақ стандарт бойынша түзу, әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен жабдықтау, ғылыми-педагогикалық құрамның біліктілігін арттыру сияқты мәселелер – барлық университеттерге тән проблема.

Шараға ҚазмемқызПУ, Абылай хан атындағы ХҚЖӘТУ, Іскерлік карьера университеті, Абай атындағы ҚазҰПУ, С.Демирель университеттерінің түрік тілі пәні оқытушылары қатысып, Зубейда Шадкам, Ақжарқын Әбуова, Ергали Есбосынов және Үміт Қыдырбаева сынды кафедра оқытушыларының ұсынған баяндамалары үлкен қызығушылыққа ие болды.

Е.З. ЕСБОСЫНОВ,  
ф.ғ.к., ТҮРКСОЙ кафедрасының  
доценті м.а.

\*\*\*

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Тәржіман және тіл» ғылыми-практикалық және аударма орталығы тілдік курстарға шақырады.

Орталықтың білікті де тәжірибелі оқытушы-мамандары аудармашыларға, филолог-мамандарға, студенттер мен магистранттарға арналған біліктілікті арттыру курстарын ұсынады. Атап айтқанда, TOEFL және IELTS емтихандарына дайындық, қазақ, түрік, ағылшын, неміс, француз, қытай тілі курстары.

Сондай-ақ, орталық мамандары аударма жасау қызметін де ұсынады.

Филология және әлем тілдері факультеті «Тәржіман және тіл» орталығы

Пресс-служба

## НОВЫЙ ВЕКТОР СОТРУДНИЧЕСТВА

КазНУ и Шанхайский университет транспорта подписали соглашение о сотрудничестве. Церемония подписания состоялась в ходе встречи ректора Г.Мутанова с представительной делегацией ведущего китайского вуза во главе с вице-президентом Сю Сюемин.



Открывая встречу ректор КазНУ отметил, что университет активно развивает партнерство с китайскими вузами и осуществляет с рядом из них крупные научно-образовательные проекты. «Между вузами Китая и КазНУ подписано более 30 договоров о сотрудничестве. Так, например, в настоящее время совместно с Институтом дистанционного зондирования и цифровой Земли (RADI) Академии Наук КНР в КазНУ создается научно-исследовательский центр. В текущем году КазНУ по гранту правительства КНР получит суперкомпьютер, который станет ядром IT-технопарка Альянса университетов Шелкового пути, объединяющего более 130 вузов мира», - подчеркнул ректор.

Вице-президент Шанхайского универ-

ситета транспорта Сю Сюемин поблагодарила за теплый прием и выразила уверенность в успешном сотрудничестве и работе. Она ознакомилась с историей и достижениями Шанхайского университета транспорта, отметив, что в международном рейтинге QS он занимает 62 место.

В ходе встречи стороны обсудили направления взаимодействия в сфере науки и образования, а также вопросы академического обмена преподавателями и студентами. В ходе визита представители китайского вуза ознакомились с кампусом КазНУ, посетили ЦОС «Керемет», музеи и библиотеку Аль-Фараби.

### ■ РЕКТОРАТ

Жалғасы. Басы 1-бетте

## ЖОСПАРЛЫ ЖҰМЫС – ЖЕТІСТІК КІЛТІ

Жоспарға сәйкес оқыту үдерісі мен сапасын бақылау мақсатында барлық пәндердің жоспарланған кестеге сай өтуіне назар аударған проректор ағылшын тілінде оқытылатын пәндер санын көбейтуге назар аударып, QS SUBJECT ғылыми бағыттарының рейтингінде алға жылжу үшін халықаралық бәсекеге қабілеттілікті арттыру қажет екендігін айтты.

Келесі кезекте ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Тілеккабыл Рамазанов университетке шетелдік ғалымдарды шақыру туралы баяндама жасады. «Шетел ғалымдарын шақыру білім алушылардың білімін жан-жақты дамытуға мүмкіндік береді. Бұл университеттегі оқытуды интернационалдандыруға бағытталған. Сондай-ақ Болон процесі принциптерінің белсенді енгізілуін ынталандырады, университеттің бәсекеге қабілеттілігін көтереді, қоғамдағы имиджін қалыптастырады және студенттер мен оқытушылардың ағылшын тіліндегі академиялық коммуникативтілігін арттыруға жағдай жасайды», - деді.

Сонымен қатар мәжіліс аясында ОПҚ-ның 48-ші ғылыми-әдістемелік конференциясы мен РОӘК ОӘБ мәжілісінің қорытындылары туралы оқу жұмысы жөніндегі проректор Аскар Хикметовтің баяндамасы тыңдалып, «ЖОО үздік оқытушысы – 2017» республикалық байқауы жеңімпаздарының тізімі таныстырылды. Жиын соңында университет дамуы жолындағы ұзақ жылғы еңбегі мен жоғары білікті маман даярлаудағы үлесі үшін тарих ғылымдарының докторы, халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының профессоры Құралай Ертіскызы «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дамуына қосқан айрықша үлесі үшін» алтын медалімен және ректор алғыс хатымен марапатталып, «Парасат» кәсіподағының төрағасы Талғат Мекебаев дәстүрлі түрде өтетін спартакиада жеңімпаздарының есімін жария етті.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Ректор КазНУ Галым Мутанов встретился с проректором Турецкого университета «Айдын» Орханом Джанболатом



**Акмарал МАҒАУОВА,**  
*д.пед.н., профессор кафедрасы педагогика и образовательного менеджмента, академик МАНПО*

**СТРАТЕГИЯ ВХОЖДЕНИЯ КАЗАХСТАНА В ЧИСЛО ЛИДЕРОВ НОВОГО МИРА**

9 января 2018 г. прозвучало Ежегодное Послание Президента страны Н.А. Назарбаева народу Казахстана: «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции». В выступлении Главы государства отражены особенности эпохи, в которой мы живем: в веке новых технологий, глобализации, интеграции, коммуникации. В Послании отмечается: «Сегодня человечество вступает в эпоху новой промышленной революции. Современные технологии меняют мир. Глобальные технологические сдвиги несут в себе как сдвиги, так и новые возможности роста. Это наш с вами исторический шанс для ускоренного вхождения в число 30 наиболее развитых стран». Послание народу Казахстана посвящено развитию страны в условиях четвертой промышленной революции.

Президент страны обозначил 10 основных приоритетов развития Казахстана: развитие казахстанской индустрии, которая должна стать флагманом внедрения новых технологий, улучшение эффективности использования ресурсного потенциала, «перезагрузка» финансового сектора и др.

Следует затметить, что Послание Главы государства ориентировано на реализацию приоритетных стратегий в области государственной образовательной политики, в частности на внедрение полиязычного образования. Говоря о новом качестве образования, особо отмечается, что будущее казахстанцев – в свободном владении казахским, русским и английским языками. «Разработана и внедряется новая методика изучения казахского языка для русскоязычных школ. Если мы хотим, чтобы казахский язык жил в веках,

нужно его осовременить, не утяжеляя избыточной терминологией. Необходимо пересмотреть подходы к обоснованности таких переводов и терминологически приблизить наш язык к международному уровню. Переход на латинский алфавит способствует решению этого вопроса», – говорится в Послании. Президент поручил определить четкий график перехода на латинский алфавит до 2025 года на всех уровнях образования. Он также напомнил, что с 2019 года будет начат переход к преподаванию на английском языке отдельных естественнонаучных дисциплин в 10 и 11 классах.

Овладение выпускниками школ тремя языками Президент связывает с их будущей жизненной и профессиональной реализацией не только внутри страны, но и в глобальном мире. В результате человек любой этнической группы сможет выбрать работу вплоть до избрания Президентом страны. «Казахстанцы станут единой нацией» – отмечено в историческом документе.

Большое внимание в Послании Президента уделяется качеству образования, что зависит от уровня профессионализма, компетентности педагогических кадров повышения, в связи с этим следует пересмотреть подходы к обучению и росту квалификации педагогов. «При университетах страны нужно развивать педагогические кафедры и факультеты. Необходимо усилить качество преподавания математических и естественных наук на всех уровнях образования. Это важное условие для подготовки молодежи к новому технологическому укладу», – сказано в Послании.

Для нас, профессоров и преподавателей кафедры педагогики и образовательного менеджмента КазНУ им. аль-Фараби, особо значимы стратегические задачи, поставленные Президентом страны в области образования, повышения уровня образованности подрастающего поколения, воспитания интеллектуальной нации, от которых зависит будущее страны и вхождение Казахстана в число лидеров нового мира!

**ТӨРТІНШІ ӨНЕРКӘСІПТІК РЕВОЛЮЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ**  
Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ Қазақстан халқына Жолдауы

**03 «АҚЫЛДЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР» – АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІН ҚАРҚЫНДЫ ДАМУДЫ МҮМКІНДІГІ**

- Аграрлық саясат еңбек өнімділігін түбегейлі арттыруға және өңделген өнімнің экспортын ұлғайтуға бағытталуы керек.
- Біз егін егіп, дөңді дақылдарды өсіруді үйрендік. Оны мақтан тұтамыз. Алайда, қазір ол жеткіліксіз.
- Шикізатты қайта өңдеуді қамтамасыз етіп, әлемдік нарықтарға жоғары сапалы дайын өніммен шығуымыз қажет.
- Бұл мәселені шешуге барлық аграрлық кешеннің түбегейлі бет бұруы маңызды. Аграрлық ғылымды дамыту мәселесі басты назарда болуға тиіс.
- Ол ең алдымен жаңа технологияларды трансфертүеумен және оларды отандық жағдайға бейімдеумен айналысуы қажет.
- Осыған орай аграрлық университеттердің рөлін қайта қарау керек.
- Олар диплом беріп қана қоймай, ауыл шаруашылығы кешенінде нақты жұмыс істейтін немесе ғылыммен айналысатын мамандарды дайындауға тиіс.
- Бұл ЖОО оқу бағдарламаларын жаңартып, АБҚ-тегі озық білім мен үздік тәжірибені тарататын орталықтарға айналу талап етіледі.

**Молдахан КӘРІПБАЙҰЛЫ,**  
*филология ғылымдарының кандидаты*

**ЖОЛДАУ – АДАМИ КАПИТАЛДЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

Елбасының үстіміздегі жылғы Жолдауының негізгі талабы – мемлекеттер және халықаралық қатынастардағы саяси таңдау. Әртүрлі әлеуметтік үрдістердің прогрессивтілігі, жаһандық тенденцияларға айналған алмағайып заманның талабынан табылу – саяси құндылықтардың бірлігін сақтап, сана тоталитаризмінен алшақтауға жетеледі. Сол септегі де Елбасының Жолдауындағы «адами капитал – жаңғыру негізі» айрықша басымдық алады. Білім жүйесіндегі өзгерістерге құбылыс деп қарамай, «...өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді менгеру қабілетін дамытуға» тиіспіз. Демек, адам санасындағы қасандықты жанаша сипатқа лайықтау, интеллектуалды сана жиынтығының тұжырымдамасын түзу деген сөз. Әр адам тұлға ретінде білім алуда идеялық қызығушылық таба білгенде дәстүрлі өмірдің ілгерілеушілігін сезінеді. Бүгінгі күнге лайықты түсініктер мен ой-сенімдер жиынтығын табиғи құндылықтар ретінде қабылдау нәтижесінде адами капиталдың базалық игілігін тұрмыстық деңгейде де, ғаламдық қатынаста да игере алады. Қазіргі таңда адами капиталдың мазмұны сауаттылық пен мәдени және әлеуметтік сана дербестігінен таралатындықтан, үздіксіз білімдерліктің нәтижесінде ғана өркеніет өрісіне ілініп, өзгелер қатарынан көріне аламыз. Мемлекетіміздің дамуы әлеуметтік факторларға негізделгендіктен, адамдардың ойлау жүйесіндегі интеллектуалдылық шама, инновациялық

құрылымның жаңа сапалы сатысына көтерілері даусыз. «Білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет», – деген Елбасының қағидалы сөзі осы мәністің өзегінде өрлімек. Оны дағдыға айналдыру, принципті тәжірибе мен тұрақты ережеге кіргізу теориялық түйсіктердің арқауы болмақ. Білім мен ізгіліктің, сана мен сапаның теңдестірілуі әлеуметтік рухани өмірдің және болашақтың сұранысы болғандықтан да әрекет философиясы, әлеуметтік құндылықтар философиясы деуге негіз бар. Оның сыртында көштен кешейілдеп, жұрттан қалмаудың, озық елдердің қатарынан орын алудың, әлемдік тараптан бағаланып, еларалық диалектикалық байланыс шеңберін нығайтуға көзделген елдік мүдделер көрінеді.

Бұл тұрғыда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің білім беру саясаты Елбасының жолдауымен түбегейлес. Қазақ ұлттық университеті әлемнің ең үздік 800 жоғары оқу орны арасында 236-орынды иемденуі ұлттық мақтанышқа айналды. Жастарға білім беруде жана инновациялық технологияны тәжірибеге енгізу дәстүрі де қолға алынған. Осы орайда халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың жиі ұйымдастырылуы – білім реформасының жанару кезеңіне бет бұруды айғағы. Басты мақсат – адами капитал ұлттық қорымыздың, ұлттық құндылығымыздың өлшемі екендігін сезіне отырып, есеп-жинақ жасау сияқты әлеуметтік категорияның салалы қардрларын, мамандарын әзірлеу. Экономикалық және білім саласындағы жана инновациялық серпінді күшейту жолында ұлттық университеттің қыруар жұмыстар атқарып отырғаны анық.

логистика инфрақұрылымының тиімділігін арттыру сөз болса, бесіншіден, құрылысқа және коммуналдық секторға заманауи технологияларды енгізу міндеті жүктелді. Мұндағы ең маңызды мәселе – бүгінгі таңда халықты тұрғын үймен қамтумен бірге олардың экологиялық, энергетикалық тиімділігі, сапасы, тұрғызылуы басты назарға ұсынылды. Халық тұрмысын жақсартудағы басты сала – қаржы екендігі рас. Бұл да назардан тыс қалмай, қаржы саласының «қайта жаңғыруы» алтыншы бөлімде нақтыланып, қаржының халық сұранысына сай негізделуі еліміздегі басты қаржы мекемелерінің құзырына ұсынылды. Ал жетінші «Адами капитал – жаңғыру негізі» атты бөлімде білім мен ғылымның жаңа сапасы мен білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы – өзгерістерге үнемі бейім болуы сөз етілді.

Орта білім беру саласында жаңартылған мазмұнға көшудің 2021 жылы аяқталатыны, соған орай жана бағдарламалар, оқулықтар, стандарттар мен мамандар даярлау, педагогтарды оқыту мен олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарау қажеттілігі аталды. Ал еліміздің ЖОО-ларында педагогикалық кафедралар мен факультеттерді дамыта отырып, білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын арттыру тапсырылды. 2025 жылға дейін білім берудің барлық деңгейінде латын әліпбиіне көшудің нақты кестесі жасала отырып, үштілділікті менгеру арқылы елде азаматтық қоғам құру, баршаға тегін кәсіптік-техникалық білім беру, интернет желісі арқылы шалғай елді-мекендерге білім саласына қатысты ақпаратты жеткізу, елімізде металлургия, мұнай-газ химиясы, агроөнеркәсіп кешені, био және IT-технологиялар салаларын зерттеу ісіне басымдық беретін жоғары оқу орны ғылымды дамыту, мамандар біліктілігін арттыру, сол арқылы рухани жаңғыруды одан әрі нығайту сөз болды. Бұл үшін ең бастысы халықтың зор байлығы болып табылатын денсаулық сақтау саласына да назар аударылып, салауатты өмір салтын ұстау мен денсаулық сақтау саласы жұмысының үздіксіз дами беретіндігі нақты мысалдармен көрсетілді. Әсіресе, халықтың әлеуетін көтеруде оларды әлеуметтік тұрғыдан қорғау саласы да айтыла келіп, оларға берілетін түрлі деңгейдегі көмектер мен зейнетақы көлемінің артатындығы белгілі болды. Ал сегізінші және тоғызыншы бөлімдер негізінен басқару ісі мен жемқорлыққа қарсы негізгі мәселелер және оны сәтті шешу жолдарымен жұмыс жасауға бағытталса, соңғы бөлім «Ақылды қалалар» «ақылды ұлт» үшін деп атала отырып, 2018 жыл – елордамыз Астананың 20 жылдық мерейтойы мен жалпы заманауи технологиялармен қамтылған қалалар санын арттыру, өнірлік дамытуды жалғастыру, айналып келгенде, халықтың жарқын болашағының негізі екендігі аталды.

Елбасымыздың бұл кезекті Жолдауы қалыптасқан Қазақстан мемлекетінің тікелей болашағы мен ертені үшін жасалған кезекті бағдары болып отыр. Ұлт болып біріге отырып, осы бағдарды жүзеге асыру еліміздің әрбір азаматының борышы болып саналады.

**ТӨРТІНШІ ӨНЕРКӘСІПТІК РЕВОЛЮЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ**  
Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ Қазақстан халқына Жолдауы

- Мысалы, егін егу мен астық жинаудың оңтайлы уақытын болжамаудың, «ақылды суарудың», минералды тыңайтқыш себүдін, зиянкестермен және арамшөппен күресудің интеллектуалды жүйелері арқылы өнімділікті бірнеше есе арттыруға болады.
- Ауыл шаруашылығын қарқынды дамыту өнімінің сапасы мен экологиялық тазалығын сақтай отырып жүргізілуі қажет.
- Бұл бүкіл әлемге танылатын «Қазақстанда жасалған» табиғи азық-түлік брөндін қалыптастырып ілгерілетуге мүмкіндік береді.
- Сонымен қатар жерді барынша тиімді игерінілдерді ынталандырып, ал дұрыс пайдалана алмайтындарға шара қолдану керек.
- Жүргізушісі жоқ техника адами факторды азайтып, өгіншіліктің өзіндік құнын айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді.
- Жана технологиялар мен бизнес-модельдерді енгізу, АБҚ-тің ғылымға негізделуін арттыру шаруашылықтарды кооперациялау қажеттігін күшейтеді.
- Тіімсіз субсидияларды ауыл шаруашылығы кешені субъектілеріне арналған банк несиелерін арзандатуға қайта бағыттау қажет.
- Ауыл шаруашылығы субъектілерінің кооператив түрінде жұмыс істеуіне жаң-жақты қолдау көрсету керек.
- Мемлекет бизнеспен бірлесіп, отандық өнімді халықаралық нарыққа шығарудың стратегиялық жолын табуы, ілгерілетуге тиіс.
- 5 жыл ішінде агроөнеркәсіп кешеніндегі еңбек өнімділігін және өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің экспортын, тиісінше, кем дегенде 2,5 есеге арттыруды тапсырамын.

Инфографикаларды жасаған Амангөді ҚИЯС, «Егемен Қазақстан»

**Гүлжазира ӘБИКЕНОВА,**  
*т.ғ. к., Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы*

**МЕМЛЕКЕТТІҢ ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫНЫҢ ТАҒЫ БІР БАҒДАРЫ**

Жақында ғана Елбасымыз Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына кезекті Жолдауы жарияланған болатын. «Қазақстан–2050» бағдарламасына негізделе отырып 2018 жылғы 10 қаңтардағы бұл Жолдау «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» деп аталды. «Құрметті қазақстандықтар! Бүгінде әлем Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келеді», – деп сөз бастаған Президентіміз Н.Ә. Назарбаев бүгінгі таңдағы жаңа технологиялардың әлем дамуындағы ықпалы мен қабілетін айта келіп, жаһандық өзгерістер мен қауіп-қатерлерді жеңу мен даму сатыларына көтерілуге тағы да осы технологиялық жетістіктердің аса қажеттілігін, соған сай өнеркәсіптік революция әлеміне бейімделу мен жетістікке жету жолын табуын маңыздына тоқталды.

Еліміздің бұған дейінгі жеткен жетістіктеріне қысқаша шолу жасай отырып, елімізге дамудың жаңа сапасы қажеттілігі аталды. Соған орай алғашқы кезекте Төртінші өнеркәсіптік революция элементтерін кенінен енгізу қажеттілігін айта келіп, Жолдаудың басты 10 бөлімін таныстырып өтті. Алғашқы пунктте Елбасымыз индустрияландырудың жана технологияларды енгізудің көшбасшысына айналуы, соның ішінде білім беру жүйесі, коммуникация мен стандарттау салаларын жана индустрияландыру талаптарына бейімдеу қажеттілігін ерекше атап өтсе, екіншіден ресурстық әлеуетті одан ары дамыту, яғни бұл тұста да шикізат көзі мен оны дұрыс пайдалана білу, қоршаған ортаны қорғау, әсіресе Экологиялық кодекске өзгерістер енгізудің маңыздылығы сөз болды. «Ақылды технологиялар» – агроөнеркәсіп кешенін қарқынды дамыту мүмкіндігі деп аталған үшінші бағытта аграрлық саланы дамыту, соған сапалы мамандар даярлау, оны ғылыммен жетілдірудің қазіргі қажеттілігі, әсіресе интеллектуалды жүйелері арқылы өнімділікті арттыру сөз етілді. Төртіншіден, көлік-



# The Greatest of the Great

More than four centuries separate us from the time when the great William Shakespeare lived and worked. Many brilliant playwrights created after him amazing dramas, comedies, but it is impossible to call anybody equal to him in this area.



Hundreds of books are written about Shakespeare. The researchers of his work were Pushkin, Turgenev, Dostoevsky, Abai Kananbaev, Magzhan Zhumabaev, Heine, Hugo, B. Shaw, etc. Belinsky called Shakespeare the king of dramatic poets, "crowned by a whole mankind."

Why do people all over the world can't help admiring Shakespeare's huge talent? Because he was a man with a large and comprehensive soul, because he tells stories about kings and queens, and makes us cry and laugh. Shakespeare philosophically discusses eternal topics: evil and good, truth and lies, the mores of society, and, of course, about love - eternal and boundless. This is why it is essential to talk about him to students and to inspire them to read his works.

The students of the groups 113 and 105 of the Faculty of Law have organized an event "Shakespeare's Ball" dedicated to the life and creative activity of the great poet. The event was held within the framework of the project "100 books" on November 17/ 2017. The students started getting ready 2 weeks before the ball. It was so pleasant to see how they were excited and involved in the process of preparation. The day of the event they decorated the room with balloons, a poster, and Shakespeare's famous quotations. Abdrakov Yermek, Erkin Sholpan and Zakanova Aidana were responsible for decoration. Presenters Zhanashov Zhanibek and Zakanova Aidana gave a talk about the importance of knowing the great poet's creations. It is worthy to mention that although all of the students have Elementary level of English, it did not discourage them to perform in English. To know more about Shakespeare Adil Asel and Temirbekova Aizhan presented Shakespeare's biography. The audience could not only listen to speeches about Shakespeare's life but see some episodes from his life. Thus, Kozhakova Nurai, Umbetov Bekzat, Kenzhibaev Nurzhan and Orazov Nurdaulet played two scenes in English demonstrat-

ing various episodes from the life of the poet, and Kulekesh Zhanserik translated their speech into Kazakh. Then Kozhakova Nurai held a quiz with the audience based on the works of Shakespeare and his biography, which made the students have a lot of fun.

"Romeo and Juliet" is a wonderful love story. The culmination of the event was the scene from "Romeo and Juliet": a scene at the ball and on the balcony. Kakenova Aliya and Sarsenova Laura read poems from this tragedy. Baymenov Orazaly, Kozhakova Nurai, Bageev Bagdat and Sarsenova Laura performed a dance playing the heads of the families of Montague and Capulet at the ball. Kadyrov Berdimurat acted a part of Romeo, Kosaeva Albina - Juliet, and Kydaibergen Abzal and Musraliev Bek-sultan played the parts of friends of Romeo - Mercutio and Benvolio.

"To be or not to be" - this expression became a catch phrase. Shakespeare's Hamlet is a great tragedy. This is a story of revenge, jealousy, ambitions, power and money worship, about hypocrisy and treachery. Hamlet painfully tries to find an answer to the question of the value of life, about the meaning of all human efforts. Is it worth it to live in a world where there is lawlessness, oppression, where all moral laws are ignored? What is the choice of a person? Probably, there is no an actor, who would not dream of playing the part of Hamlet. Satan Toktar had this chance to act the part of this great character. He read Hamlet's famous speech.

Shakespeare was a genius. He wrote not only plays but numerous sonnets. With great excitement did Bageev Bagdat, Omyrbek Asylkhan and Zhamantai Salamat read Shakespeare's sonnets.

"Shakespeare's Ball" was an exciting event! It has inspired the students to master the English language so as to read Shakespeare's works in original. I wish them great success!

**A.DYKHANOVA,**  
*teacher of the foreign language department*



## SOME PRINCIPAL ACHIEVEMENTS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN RECOGNIZED BY THE WORLD COMMUNITY

*"Big politics is just common sense applied to grand deeds"*

**Napoleon Bonaparte**

Since gaining its independence the Republic of Kazakhstan has achieved considerable results in its development. I would like to focus on some of these results that will instill patriotic feelings into our students.

We know that the West was sizing up Kazakhstan, a potential international player and a partner in Central Asia, with enormous natural resources and combat-ready nuclear weapons.

On December 21, 1991, the Declaration on the establishment of the Commonwealth of Independent States (CIS) was signed in Almaty. The first high-level diplomatic meeting with the participation of Belarus, Kazakhstan, Russia and Ukraine was held in March 1992. At that meeting the participants agreed upon the principal points of the memorandum that Russia was the only nuclear - weapon state in the CIS.

The signing of the Lisbon Protocol of May 1992 triggered a succession of diplomatic recognition of Kazakhstan.

The closure of the Semipalatinsk nuclear test site on 29 August 1991 has become the unique contribution of Kazakhstan into the global process of disarmament.

"Nuclear Powers must guarantee the non-use of force against the countries that have renounced their nuclear weapons or attempt to obtain them" - President of the RK Nazarbayev N.A. declared.

Due to the enhancement of the international image of Kazakhstan and its steadfast, peaceloving policy, the President of the country put forward rational ideas and formulas on the improvement of international relations by creating a range of world dialogue platforms.

So, in 1992, at the 47th session of the UN General Assembly the convocation of the Conference on Interaction and Confidence Building Measures in Asia (CICA) was initiated by Nazarbayev N.A. The first summit took place ten years later - in 2002 in Almaty. In 1999 the CICA acquired the status of an international forum. Now 26 states are the members of the CICA. 8 states and 4 international organizations, including the UN, are the observers. The CICA platform has become a new format of cooperation relating to the issues of security on the Asian continent by providing an effective mechanism of preventive diplomacy and collective ways of solving the tasks on strengthening regional security under the condition of new challenges and risks.

On 29 March, 1994 during his working visit to Russia Nazarbayev N.A. had the meeting with professors and teaching staff of Moscow State University named after M. Lomonosov where he put forward his idea on the formation of the Eurasian Union of States. And on 10 October 2000 the Eurasian Economic Community was established - a new international organization which has its functional structure, effective mechanisms and precise aims and tasks of the Customs Union.

On 29 May 2014, the Treaty on the Eurasian Economic Union was signed, which came into force on 1 January 2015.

Another initiative of the President of the RK is to conduct the Congresses of the Leaders of the World and Traditional Religions. The first Congress was held in 2003. Since that time this forum has become a unique platform for dialogues and interaction between the East and the West to promoting interethnic and interconfessional accord among nations.

In 2008 the Astana Economic Forum was set up - thousands of delegates from different states are discussing various issues of the world and regional agenda.

For the first time in the history a post -Soviet state was at the Head of the Organization on Security and Cooperation in Europe (OSCE). In the early December 2010 the Summit of the OSCE was held in Astana.

30 Heads and Leaders of states and governments participated in this Summit. The Astana Declaration was adopted, where the main norms, principles and obligations of the Organizations were confirmed.

At the initiative of the RK the Organization of Islamic Conference was transformed into the Organization of Islamic Cooperation.

The Shanghai Cooperation Organization, created at the initiative of the President of the RK, has extended its boundaries and enhanced its international image by realizing its actions on the solution and rooting out the reasons and causes of conflicts and acute problems in the world. Its main instrument is preventive diplomacy and promoting the principles of humanism and cooperation.

In December 2011, the President of the RK, pointing out the unefficiency of formats G-20 and G - 8 suggested creating a new communicative platform - G - global, the common end of which is to evolve new global principles for taking just and global decisions.

In 2011 the Republic of Kazakhstan presided over the most influential association in the Islamic world - the Organization of Islamic Conference with 57 Moslem states in it.

Kazakhstan has really become an active participant in strengthening stability and security in the world. It played a great role in mitigating the Turkish - Russian contradictions.

At present Kazakhstan is a dialogue platform for resolving the Syrian crisis being given the historic name - the Astana process.

In 2017 Kazakhstan was elected a non-permanent member of the Security Council of the UN for 2017-2018.

For discussing all the vitally important questions President of the RK Nazarbayev N.A. suggested convening an International Conference of the UN and developing the Plan of the Global Strategic Initiative - 2045 devoted to the Centenary of the UN.

**Makisheva Mariyash KAIDAULOVNA,**  
*Associate Prof. of KazNU,*  
*Diplomatic Translation Department*



*Prepared by A.A. MULDAGALIYEVA*

**The first international conference on the promotion of mental health of children and adolescents took place at Al-Farabi KazNU**



# Белгілі ғалым, беделді ұстаз

**Айтқожа Биғалиұлы Биғалиев сұрапыл соғыстың ең бір қиын-қыстау кезеңінде, 1942 жылдың 25 желтоқсанында Ресей Федерациясының Самар облысында дүниеге келді. Еті тірі, зерек қазақ баласы орыс мектебінде құрдастарының алды болып, мектепті үздік бітіреді. Жоғары білім алу үшін жақыны – сол аймақтағы университеттердің біріне, алысы – Мәскеуге не Ленинградқа оқуға түсуге талпынбақшы болады. Бірақ, шалғайда жүріп елді сағынған, сырттағы қазақтың күйін әбден татқан әкесі Биғали ақсақал: «Болмайды, ол жаққа барсаң, бір Марусяға үйленерсің. Бара-бара елді де, ұлтыңды да ұмытарсың, Қазақстанда оқисың!» – деп кесіп айтады. Мамандық таңдауға келгенде де: «Қазақ – малшы халық, қайда жүрсе де малсыз күні жоқ. Сен де мал шаруашылығының маманы боласың», – деп Алматыдағы ағайындарына хат жазып, Алматыға жөнелтеді. Сөйтіп, ол Алматы зооветеринарлық институтынан бір-ақ шығады.**

косып жүрген Н.О. Базанова, Г.З. Бияшев, А.Н. Илялетдинов, Л.К. Клышев, Н.Л. Удольская, М.Х. Шығайева сияқты ғалымдармен танысты.

1971-1985 жылдары Ақтөбе медицина институтында кафедра меңгерушісі, 1985-1987 жылдары Қарағанды мемлекеттік университетінде проректор, 1987-1991 жылдары сол университеттің ректоры болып қызмет істеді. Айкең әкімшілік қызметтерде жүрсе де ғылымнан қол үзген жоқ: әр бос сағатын, демалыс күндерін, жылдық жазғы демалыстарын ғылыми ізденістерге жұмсады, нәтижесінде 1980 жылы өзі аспирантурада оқыған КСРО ҒА Жалпы генетика институтының Диссертациялық кеңесінде «Қоршаған ортаның өндірістік ластаушылары болып табылатын ауыр металдардың (хромның мысалында) генетикалық қауіптілігіне баға беру» тақырыбы бойынша докторлық диссертация қорғап шықты.

1991-2007 жылдар аралығында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да экология және топырақтану кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. 1993 жылы университет жанынан Экология проблемалары ҒЗИ ашып, сол институттың алғашқы директоры болды. Қазіргі кезде биология және биотехнология факультетінің молекулалық биология және генетика кафедрасының профессоры.

Айтқожа Биғалиұлы – әрқашан ғылымдағы жаналықтарға құлақ тігіп, жаңа бағыттарға үлес қосып жүретін ізденімпаз жан. Қазақстанда экологиялық проблемалар ушығып, өнеркәсіптің, әскери полигондардың зиянды әсерлері айқын біліне бастаған кезде солардың табиғатқа, адамға тигізетін әсерлерін зерттеумен айналысты. Кеңес Үкіметі құлап, бұған дейін ғалымдарды жақындатпайтын нысандарға жол ашылған кезде ядролық сынақ алаңдарына іргелес орналасқан аудандарда ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді, өзі жетекшілік ететін институттың ғылыми бағдарламаларын, жас ғалымдардың ғылыми зерттеулерінің бағытын соған қарай бұрды. Зерттеп қана қойған жоқ, зерттеу нәтижелерін көпшілік қауым, халыққа да жеткізді, алыс-жақын шет елдерде болған кездерінде ядролық сынақтардың Қазақстанның табиғатына тигізген зиянын, Қазақстан халқына әкелген қасіретін жария етуге атсалысты. Ақын-жазушы, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов ұйымдастырған антиядролық «Невада-Семей» қозғалысының жұмысына да белсене қатысты.

Қазіргі кезде ғылым тілі ағылшын тілі болғанын түсінген Айкең орта жасқа келген шағында өзінің ағылшын тілінен алған білімдерін жетілдіруге мықтап кірісті. Бұрын ағылшын тіліндегі ғылыми мақалаларды ғана оқитын болса, бара-бара ағылшын тілінде ауызекі сөйлесіп, ғылыми еңбектер жазатын, үлкен аудиторияларда дәрістер оқитын дәрежеге жетті. Осындай еңбегінің арқасында шетел университеттерінде дәрістер оқып, бірқатар ғылыми қоғамдарға қабылданды: 1992-2002 жылдары Лондонның Мидлсекс университетінде шақырылған шетелдік



профессор ретінде сабақ беріп, «Royal Society Fellowship» грантын ұтып алды (1996ж.), Британ экологиялық қоғамының толық мүшесі (1996 ж.), ЮНЕСКО жанындағы Экологиялық білім беру комиссиясының Еуропалық комитетінің мүшесі (1995 ж.), Еуропалық одақтың ғылыми жобалар бойынша комиссиясының сарапшысы (1995 ж.), Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі (1994 ж.) болып сайланды.

Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, ерекше шәкіртжандылықты, мейірімділікті қажет ететін мамандық – ұстаздық. Бүгінгі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеуі керек. Ол нағыз ұстаздың ғана қолынан келеді. Осындай алтын жүректі ұстаздың бірі туралы сыр шертеміз.

Ұстазымыздың 20 жыл бұрын сабақ берген бейнесі әлі күнге көз алдымызда. Ол сабақ бергенде бар шәкіртін аузына қаратып, кез келген тақырыптың мәнін тереннен түсіндіретін, барлығымыз қызығып тыңдап, сабағына асыға баратынбыз. Айтқожа Биғалиұлы – өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, университетін шексіз сүйетін адам. Осы іске деген қызығушылық пен сүйіспеншілік қана оны небір қиын сәттерде жетеледі. Ұстаздың қадір-қасиет, құрметке бөленуі өзін қоршаған орта мен әрбір шәкіртіне асқан сезімталдықпен, жауапкершілікпен қарым-қатынас жасауында. Өйткені оның қарапайым да сыпайы киім киісі, мәдениетті сөзі, әдепті жүріс-тұрысы, жинақы іс-әрекеті, білімі шәкіртке өнеге.

А.Б. Биғалиевтің жетекшілігімен «Экология» мамандығы бойынша бакалавриат, магистратура және Phd докторантура бойынша Мемлекеттік білім беру стандарттары, оқу-жұмыс жоспарлары, типтік бағдарламалар жасалып, қазіргі кезде ҚР-дың барлық ЖОО-ларында қолданылып келеді. Ол өзі оқитын барлық пәндер бойынша ПОӘК және оқу жоспарларын жасап, «Экология» және «Қоршаған ортаны

қорғау және биологиялық әраландылықты сақтап қалу» пәндері бойынша оқулықтар: «Проблемы окружающей среды и сохранения биологического разнообразия», «Биоэкология» – қазақ, орыс тілінде, «Жалпы экология» – үш тілде, «Экологиялық генетика» және «Экологическая генетика» орыс және ағылшын тілінде жарық көрген. Профессор А.Б. Биғалиев республикада биология ғылымының жаңа саласы экологиялық генетиканың дамуына үлкен үлес қосып, өзінің ғылыми мектебінде биология ғылымының 7 докторын, 21 кандидатын, 2 Phd даярлап шығарды.

Профессор Биғалиев 7 монография мен оқулықтың, 300-ден астам ғылыми мақалалардың авторы (оның 50-ден астамы ағылшын тілінде). Ғалымның негізгі еңбектері ТМД көлеміндегі танымал журналдарда жарияланған: «Генетика», «Доклады АН СССР», «Цитология и генетика», шет мемлекеттердің баспаларында – PANAS (Ұлттық ғылым академиясы еңбектері, АҚШ), (ANNE UNIVERSITY RENN-1), (Ренн-1 университеті еңбектері, Франция), Cambridge Press (Кембридж университетінің баспасы, Англия), Environment and Mutation Research (Қоршаған орта және мутациялық зерттеулер, Франция), Int. J. Surface and Colloid (Жапония), Int. J. Chemistry and Biology (Қазақстан). Ғалым 1970 жылы В.И. Лениннің 100 жылдық мерейтойына арналған медаль, 1974 жылы «КСРО Денсаулық сақтау үздігі» белгісімен, 1987 жылы «КСРО Білім беру үздігі» белгісімен, 1990 жылы «ҚР Білім беру үздігі» белгісімен, 2005 жылы ҚР «Құрмет» орденімен марапатталған, 2009 жылы ҚР «Үздік ЖОО мұғалімі» грантының иегері атанған.

Биылғы жылы 75 жасқа толып отырған ұлағатты ұстазымыз Айтқожа Биғалиұлы Биғалиевті кафедра ұжымы шын жүректен мерейлі жасымен құттықтап, деніне саулық, отбасына амандық, ауызбіршілік, бақ-береке тілейміз.

**Ж.Ж. ЧУНЕТОВА,**  
б.ғ.к., молекулалық биология және генетика кафедрасының доценті



# ПОЛИТИЧЕСКАЯ НАУКА И ОБЩЕСТВЕННОЕ СОЗНАНИЕ

**Политическая социология – это наука для всех и каждого. В условиях реформирования казахстанского общества все большую актуальность и остроту приобретают социальные технологии по формированию политических, моральных и правовых качеств личности. Выработке объективного отношения к социально-экономическим и политическим процессам, протекающим в любой стране, способствуют гуманитарные знания, в том числе, и в области социальной политики и власти.**

высшего образования теперь выдвигает и новые проблемы к подготовке политических наставников, социальных педагогов и психологов по созданию благоприятного климата в каждой студенческой группе.

Основная функция социологической и политической науки как раз состоит в том, чтобы помочь студенческой молодежи правильно смоделировать их политическое поведение и сознание, чтобы найти свое место в жизни. Актуальность проблемы обостряется и нестабильной политической обстановкой в мировом сообществе. Это особенно видно в странах ближнего и среднего зарубежья, где идет жестокая борьба по утверждению идеологии религиозного экстремизма и терроризма. Главная опасность состоит в том, что эта реакционная идеология нередко воспринимается позитивно молодыми людьми как более доверчивой и неопытной частью социума.

Вот почему недавно вышедшая в издательстве КазНУ им. аль-Фараби книга профессора кафедры социологии и социальной работы Михаила Федоровича Пузикова «Основы политической социологии» поможет читателям рассматривать многие современные социально-политические проблемы с позиций патриотизма и любви к своей Родине, разоблачая, различные реакционные националистические течения и взгляды.

Автор подчеркивает, что политическая социология – это отрасль социологии, представляющая собой соединительное звено между социологией и политологией. Она считается, с одной стороны, специальной дисциплиной социологии, обязанной данной науке теоретико-систематизирующим и историко-эмпирическими аспектами, а с другой – открывает широкий доступ к комплексным исследованиям политики и власти.

Специфика этой науки заключается также в том, что она рассматривает политику через анализ социальной структуры, деятельность социальных институтов, общественного



мнения и поведения, политических интересов, норм и политических ожиданий в социуме.

Так что, политическая социология – это еще и наука о взаимодействии политических и социальных систем в процессе функционирования и распределения власти, о закономерностях протекания политических процессов, разрывания политических отношений, о функционировании политических режимов, политических норм, ценностей, политических ожиданий, ориентациях и стремлениях, свойственных различным социальным группам населения.

Важно то, что в данной книге раскрываются не только частные проблемы общества, но и социально-политические ситуации в мире, в особенности в наши дни, которые сопровождаются увеличением конфликтов, прямых вооруженных столкновений, террора и религиозных войн.

Выход в сложившейся ситуации видится автором в разрешении возникших террористических и националистических угроз. Отсюда, понятно, что помещенные в книгу теоретические материалы помогут

читателям понять, как можно решить сложные социально-политические проблемы мирным путем с наименьшими физическими потерями.

Основная цель автора – помочь изучающим курс политическую социологию научно осмыслить сложные и неоднозначные процессы и явления в современной политической жизни, разобраться в социологических и политических подходах к ним. Книгу рекомендуется использовать и как учебное пособие для самостоятельной работы студентов, а также при подготовке научных работ магистрантов и докторантов. Она снабжена большим справочным аппаратом, печатными материалами выдающихся представителей гуманитарной и политической мысли, размышляющих о назначении политики и власти в современном обществе. Все это позволит лучше понимать науку о политике и власти, о политических системах и процессах, проявляющиеся в наше сложное кризисное время.

**Г.О. АБДИКЕРОВА,**

*д.с.н., профессор кафедры социологии и социальной работы*

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультеті, жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Мәдиева Гүлмира Баянжанқызының ғылыми-педагогикалық қызметіне биыл 35 жыл толып отыр.**

## ҰСТАЗДЫҚ - ҰЛЫ ІС



Г.Б. Мәдиеваның ғылыми жетекшілігімен 1 докторлық диссертация, 8 кандидаттық және 4 PhD докторлық диссертация қорғалды. Қазіргі таңда профессор PhD докторанттардың ғылыми жетекшісі. «Словарь по языкознанию. Тіл білімі сөздігі» (Сорос-Қазақстан қоры) авторлар ұжымының мүшесі, «Қазіргі қазақ тілінің лексикографиялық сипаттамасы» ғылыми жобасының жүзеге асуына үлес қосқан, Қазақстанның жалпы білім беретін мектептеріне арналған ҚР БҒМ орыс тілі оқулықтарының (7 және 8 сыныптарға арнал-

ған) және ЖОО студенттеріне арналған оқу құралдарының авторы. 300-ге жуық ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектер жариялады, сонымен қатар оқу құралдары және монографиялар: «Ономастика теориясы және практикасы» оқу құралы, «Ономастиканың теориялық негіздері» (2011, проф. В.И. Супрунмен бірлескен авторлықта – Ресей) оқу құралы, «Таным мәнмәтіндегі жалқы есім» (2004, 12 б.б.; 2010, 14,9 б.б.) монографиясы.

Елеулі жетістіктерінің бірі – үйлесімді шығармашылық топтың құрамында қазіргі уақытта тұтынушылардың ауқымды аясында белсенді қолданысқа түсіп жүрген «Қазақ тілінің Алматы корпусы» жобасының әзірленуіне атсалысуы. Корпус Экономика жоғары мектебі (Маскеу, Ресей) оқытушыларының белсенді түрдегі көмегімен іске асырылды. Қазіргі уақытта әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың информатика кафедрасының оқытушылары, докторанттары және магистранттарымен бірлескен «Қазақ тілінің медиакорпусын» жасаушылардың бірі.

Белсенді ғылыми-зерттеу және қоғамдық жұмыстары үшін 2008 жылы және 2014 жылы ҚР БҒМ «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын иемденген, 2006 жылы «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ең үздік ғылыми-зерттеу жұмысы үшін» дипломымен марапатталды, университеттің дамуына қосқан үлесі үшін «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға 80 жыл» медалімен және алғыс хаттармен марапатталған.

Бүгінде мерейлі жасқа келген аяулы ұстаз, белді ғалым Гүлмира Баянжанқызын кафедра ұжымы атынан ғылыми-педагогикалық қызметіне 35 жыл толу мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. Құрметті Гүлмира Баянжанқызы, күн санап көркейіп, ғаламдық өркениетке құлаш ұрған университетіміздің филология және әлем тілдері факультеті, жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасын абыроймен басқарып келесіз. Кафедра ұжымы Сізді үлкенге ілтипатты, кішіге қамқор, шәкірттеріне мықты кеңесші бола білген ұлағатты ұстаз, әділдігі жарасқан білікті басшы ретінде үлгі тұтады. Терең білім, берік ұстаным, іскерлік қабілет және парасаттылық қасиеттеріңіз Сізді зор құрметке бөледі. Шәкірттеріңізді білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беруде сіңірген еңбегіңіз зор. Ұстаздығыңызды шығармашылық және басшылық жұмыспен ұштастыра білуде де жан-жақты тұлға ретінде ерекшеленесіз. Қасынау айтқуы күні Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, мөл шығармашылық табыс, баянды бақыт тілейміз! Еңбегіңіз жемісті болып, әлі талай асулардан аса беріңіз!

*Ашу үшін қоғамның кең тынысын,  
Мақсат қойып көркейтуге ел ішін.  
Сарпылған күш, етілген мол еңбектің  
Осы шығар көретін кез жемісін.*

*Парасатпен алысты әркез болжайтын  
Ұжым үшін қалт еткенді аңдайтын.  
Өзіңдей асыл ұстаз көп болсын,  
Шәкірттерін қашан дағы қолдайтын!*

**Ізгі ниетпен филология және әлем тілдері факультеті, жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының ұжымы**

**На базе факультета истории, археологии и этнологии проводится республиканская олимпиада для учащихся 10-11 классов по предметам истории Казахстана и всемирной истории**



Жалғасы. Басы 1-бетте

# Кәсіби бағдардың БЕРЕРІ МОЛ



Т. Тоғысбаев атындағы мектеп 1930-1935 жылдар аралығында 7 жылдық болып құрылып, 1997 жылға дейін Блинков атында болған. Елміз тәуелсіздік алғаннан кейін осы елдің тумасы, атакты суретші Токболат Тоғысбаев атына ауысқан. Токболат – алғаш болып Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би бейнелерін дүниеге әкелген суретші. Оның шығармалары өзіндік өрнегімен, композициясымен көрерменді халықтық тұрмыс пен табиғатқа жақындату сезіміне бөлейді. Суретшінің еңбектері кезінде бірнеше рет халықаралық, одақ және республика көлеміндегі көрмелерге қойылған. Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнер қайраткері Т.Тоғысбаевтың Қазақстанның өнер тарихында алатын орны ерекше, бүгінде суретшінің «Қастеев» картинасы Мәскеу қаласындағы Третьяков галереясында тұр.

Токболат Тоғысбаев жайында сұрай калсаңыз, ауылдың әр тұрғыны, мектеп мұғалімдері, оқушылары жерлестерінің таланты жайында ерекше сезіммен баяндайды. Жастардың, әсіресе «баспа ісі» мен «дизайн» мамандықтарына деген қызығушылықтары тәнті етті. Бұрындары бұл мамандыққа оқуға түсу үшін әдебиет пәнін таңдау керек болса, бүгіндері тек шығармашылық емтиханмен қабылданатынын естіп, қуанысып қалды. Тіпті осы мектептің оқушылары Сәрсенбай Айдана, Үсен Перизат, Бақтиярова Аяжан, Әсембек Анарайлар өзімізде өткен «Болашақ баспагер, редактор, дизайнер» байқауына қатысып, бақтарын сынап, жеңімпаз да болған екен. Мектептің оқу ісі жөніндегі орынбасары Марат Асылбеков пен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Нұржан Есебаев – ҚазҰУ түлектері.

Олардың айтуынша, оқушыларға 9-сыныпты бітіргеннен кейін екі бағытта оқытылу ұсынылады. Біріншісі – жаратылыстану бағыты, екіншісі – гуманитарлық бағыт. Өздерінің таңдаған мамандықтарына байланысты бейіндік пәндер басымырақ өтіледі. Одан бөлек, оқушылармен мамандар жеке жұмыс жасайды, түрлі психологиялық тест орындату арқылы баланың қандай мамандыққа бейім екендігін анықтайды. Журналист, баспагер, дизайнер боламын деген оқушылардың дайындығы ұнады.

Қасқасу ауылындағы орта мектеп 2000 жылдан бері Бексейіт Тұлкиев атын иемденген.

Бексейіт Тұлкиев – 1972 жылы Гоголь атындағы көркемсурет училищесіне оқуға түсіп, 1980 жылдары Мәскеудегі Строганов атындағы көркемсурет және қолданбалы өнер жоғары институтын тәмамдаған. Жастар одағының сыйлығын иемденген. Президент резиденциясындағы «Ұлы көш» шежіре-эпопеясының авторы. 1998 жылдың сәуір айында қайтыс болған. Бұл мектептің оқушылары да шеттерінен өнерлі, білімді, талантты. Бітірушілердің бірі дизайнер, бірі баспагер, бірі журналист болғысы келеді. Өз болашақтарын басқа да мамандықтармен байланыстырып отырған мектеп оқушылары

жалпы журналистика жайлы ғана емес, басқа да мамандықтар туралы сауалдарын қойып, тұшымды жауаптарын алды. ҚазҰУ қалашығында жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін республикалық «Болашақ баспагер, редактор, дизайнер» байқауы мен «Жас тілшілер форумы» туралы ақпарат алып, талайлардың арманы болған ҚазҰУ қалашығы жайлы біліп, алда болатын байқауларға қатысып, бақтарын сынауға келетінін айтты. Суретші-дизайнер атындағы мектептерде оқитын балалардың өнерге жақын болуы заңды да шығар. Олар әңгіме-сұқбат барысында мамандыққа қатысты көкейлерінде жүрген сауалдарын қойды. Дизайнер, баспагер мамандықтары бүгінде заман талабының сұранысына ие. Ақпараттық технологиялар арқасында мектеп оқушыларының «баспа ісі» және «дизайн» мамандықтары жайлы ақпараты мол екені байқалады. Мектеп оқушыларының ойы ұшқыр, арманы биік, талабы жоғары. Оқу ордаларында кәсіби бағдар жұмысының тыңғылықты жүргізіліп жатқаны әлеуметтік маңызы мол осынау шараларға мектеп оқушыларымен қатар олардың ата-аналарының да қатысқанынан айқын көруге болады.

**Нұрлыайым ДАНАЕВА,**

*PhD докторант;*

**Перизат ТАСПОЛАТОВА,**

*баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік*

*өнер кафедрасы*

## ПОДГОТОВКА БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ

**Магранты КазНУ им. аль-Фараби, обучающиеся на специальности «Социальная педагогика и самопознание», проходят ряд дисциплин, которые ориентированы на практическую подготовку к профессиональной деятельности. В частности, они изучали дисциплину «Социально-педагогическая работа в Кризисных центрах», которую преподавала Акмарал Магауова – доктор педагогических наук, профессор кафедры педагогики и образовательного менеджмента КазНУ им. аль-Фараби.**

усвоения теоретических основ организации деятельности кризисных центров, магистранты выполняли задания, направленные на усвоение практических навыков организации социально-педагогической работы в условиях Кризисных центров. По заданию преподавателя был проведен аналитический обзор литературы, материалов в СМИ по проблемам кризисных центров, обсуждался зарубежный опыт социально-педагогической деятельности в данных учреждениях, были выявлены основные направления работы в кризисных центрах. Основная деятельность сотрудников кризисного центра по работе с женщинами заключается в их сопровождении. В зависимости от решаемых задач, форм и методов выделяют педагогическое, социальное, психологическое, комплексное сопровождение.

Благодаря творческому подходу и интерактивным методам обучения данной дисциплины преподавателем Акмарал Магауовой магистранты поняли значимость развития у будущих социальных работников таких важных человеческих качеств, как доброжелательность, отзывчивость, умение выслушать и поддержать пострадавшего. В жизни всегда будут существовать разнополюсные отношения между людьми, однако с помощью высококвалифицированных специалистов в социальной сфере, которые выпускаются в КазНУ имени аль-Фараби, преодолеть трудные жизненные ситуации будет гораздо легче.

**А. ЖЕЙНИС,**

*магрант 2 курса кафедры педагогики и образовательного менеджмента*

## ӨЗ ЖҰМЫСЫНА жауапкершілікпен қарайды

**Бүгін біз газетіміздің тұрақты оқырманы, ҚазҰУ қызметкері Раушан Төкенқызы жайлы сыр шертпекпіз. Біздің кейіпкеріміз үшін газет-журналдың орны бөлек. Он бес жылға жуық баспахана саласында еңбек еткендіктен, оның мерзімді басылымдарға деген құрметі ерекше.**



Раушан Бейсембаева отбасымен бірге Алматыға қоныс аудармай тұрып, өз туған қаласы Өскеменнің белді баспаханаларында жұмыс істеген. Ал 2015 жылдан бастап ҚазҰУ-дың Жас ғалымдар үйінде қауіпсіздік қызметкері жұмысын атқарып келеді.


«Әр жұмыстың өзіне тән қызығы мен шығарымы болады», – деген Раушан Төкенқызы қауіпсіздік қызметінде де табысты жұмыс істеуде. Ол – ҚазҰУ қызметкерлерінің үш бірдей спартакиадасына қатысушы әрі екі жарыстың жүлдегері.

Жас кезінен спорттық түрлі үйірмелерге қатысуы салауатты өмір салтына

деген сүйіспеншілігін оятып, спортқа қызығушылығын арттырды. Ал спортқа бейім жанның қауіпсіздік қызметінде жұмыс істеуі құптарлық.

Әр ана баласына қамқорлықпен қарайды. Қауіпсіздік бөлімінде қызмет ететін Раушан Төкенқызы да жас ғалымдар үйіндегі әр тұрғынға дәл солай қарайды. Тәртіп мәселесі бірінші орында. Барлығын орын-орнымен әрі жауапкершілікпен қатар алып жүрген Раушан ханымның жұмыс барысы тәлімді тәрбие мен тәртіпке құрылған.

**Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**



Целью курса является совершенствование профессиональной подготовки социальных педагогов к деятельности в условиях Кризисных центров. Курс имеет научно-практический характер, где существенная роль отводится изучению законодательно-нормативных документов, касающихся проблем разрешения кризисных ситуации в семье, материалов, связанных с изучением отечественного и зарубежного опыта в организации деятельности кризисных центров.

Подробное изучение данного курса дает возможность стать более грамотным специалистом не только в профессиональной деятельности, но и в повседневной жизни. Умение войти в положение другого человека, взглянуть на ситуацию с его точки зрения, выявить причину и помочь в реабилитации – процесс сложный, который может длиться годами. Хотя, что может быть важнее счастливой улыбки и сверкающих глаз? А такой результат зависит от работы компетентного социального работника.

На практических занятиях, помимо



# ҚАЗҰУ ҰЖЫМЫ САЛАМАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚОЛДАЙДЫ

**Спорт – денсаулықты шыңдаудың, денені шынықтырудың тәсілі ғана емес, ойнау мен ойлаудың, сергек көңіл мен серпінді істің тоғысы. Бірғақ пен іс-әрекеттің үйлесімі – саламатты өмір салтын ұстанудың сенімді салты. ҚазҰУ-да осынау пайымдаулардың растығына тағы бір көзімізді жеткізе түскен спорт шарасы өз дәрежесінде өтті. Бұл сайыс «жеңуді шарт тұтпай, қатысуды міндет санаған» сайыскерлердің сөзі мен ісінен бірлік тауып, Төлеген Айбергеновше айтсақ, «Бәйге берем жеңілген палуанға да, Адалдығы сезіліп тұрар болса» деген ұстанымға сай көрініс тапты.**

Қазақ ұлттық университетінде саламатты өмір салтын, ой еңбегі мен дене қимылын ұштастыруға, сол арқылы ұшқырлықты, шапшаңдықты, тегеурінді төзім мен шындалған

шеберлікті қажет ететін спорт деген өнерді насихаттауға арналған дәстүрлі «Денсаулық» қысқы спартакиадасы қаңтар айының алғашқы жартысында 46-шы мәрте өткізіліп, спорттың бірнеше түрінен университет қызметкерлері арасында жеңімпаздар анықталды. Студенттердің қысқы каникулы қарсаңында өткен сайысқа университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы, түрлі саладағы қызметкерлері және докторанттар белсене қатысып, өз ұжымдарының, құрылымдарының намысын абыроймен қорғады.

Университеттің заманауи спорт кешеніндегі сайыс бірнеше залда қатар өтіп, текетіреске толы ойындар жанкүйерлер тарапынан қызу қолдауға ие болды. Спортты жанына серік еткен, саламатты өмір салтын қолдайтын әріптестерінің жеңіске деген жігеріне, ұпай еселеуге ұмтылған ұрымтал сәттеріне, шеберлікке тұнған шалт қимылдарына, жетістіктері мен «қап, өттеген-айларына» күй



болды. Тақта үстіндегі тайталасына (шахмат, тоғызқұмалақ), футбол, волейбол алаңындағы шалымдылығы мен алымдылығына, адалдығына, кей сәттердегі «аңғалдығына» да қол соққан жанкүйерлер де бір серпіліп қалды. Мұнан өзге үстел теннисі, бадминтон, дартс секілді спорт түрлерінен өткен жарыс та спартакиада көрігін қыздырып, сәнін келтірді.

Спартакиада қорытындысы бойынша жалпыкомандалық есепте филология және әлем тілдері факультеті ұжымының ұйымшыл командасы жүлделі 3-орынға ие болса, ректорат қызметкерлерінен жасақталған жігерлі команда 2-орынды қанағат тұтты. Жылдағы дәстүр бойынша механика-математика факультетінің

сайыпқырандары сайысқа тас-түйін дайындығын дәлелдеп, жалпыкомандалық 1-орынды жеңіп алды.

19 команда, мыңға тарта сайыскерлер қатысқан «Денсаулық» атты дәстүрлі факультетаралық спорттық ойындар жарысының жүлдегерлері мен жеңімпаздарына, ең көп ұпай жинаған факультет, ректорат командаларына университеттің «Парасат» кәсіподақ ұйымының арнайы дипломдары мен сый-сияпаттары табыс етілді.

**Шоқан ШОРТАНБАЕВ,**

*филология және әлем тілдері факультетінің аға куратор ұйымдастырушысы*



## УЧАСТИЕ МОЛОДЕЖИ В ДУХОВНОЙ МОДЕРНИЗАЦИИ

**Мы знаем, что Казахстан – молодая и энергичная страна с большими амбициями и возможностями. Результат на лицо. За 26 лет независимости мы очень многого добились, а это значит, что развитие нашего государства не стоит на месте. Большой вклад в это внес, конечно же, первый Президент нашей страны – Нурсултан Назарбаев. Рассматривая программу Главы государства о духовной модернизации нашей страны, сегодня будущее поколение Казахстана также вносит свой вклад по вхождению в тридцатку развитых государств мира.**

По курсу «Современная история Казахстана» мы рассмотрели и изучили данную программу, сделав определенные выводы.

Как нам известно, Казахстан вступил в новый исторический период. В этом году Н.А. Назарбаев объявил непосредственно о начале Третьей модернизации Казахстана, которая направлена на национальное сознание XXI века. Что это означает? Естественно, история всего человечества не стоит на месте: на наших глазах мир с каждым днем меняется, появляется и разрабатывается нечто новое, что в дальнейшем тоже войдет в историю.

По словам Президента РК, «Занять место в передовой группе, сохраняя прежнюю модель сознания и мышления невозможно». Отсюда можно сделать вывод, что нам как будущему поколению нашей страны, следует адаптироваться к новой эпохе, взять все лучшее из прошлого, настоящего и нести эту идею в будущее. То есть мы должны, смотря на нашу историю, сохраняя традиции, культурные ценности, делая выводы, развивать человеческий капитал, общество и государство. Это и есть основная мысль и цель духовной модернизации Казахстана: на основе взаимодействия государства и гражданского

общества возродить духовность в целом.

Немаловажно то, что в статье четко, ясно и доступным языком передается идея и задумка всех направлений: конкурентоспособность, прагматизм, сохранение национальной идентичности, культ знания, эволюционное развитие Казахстана, открытость сознания.

Они подразумевают определенную задачу будущего, нечто новое, что поможет в продвижении, развитии нашей страны.

Я считаю, что данная программа полезна как для гражданина Казахстана, так и для самого государства в целом. Молодежь – будущее Казахстана и на нас возложена большая ответственность. И только мы можем определить дальнейшее положение нашей страны на мировой арене. Используя инновационные технологии, комбинируя патриотизм и новое мышление, наш народ покажет себя на пике своего совершенства и тогда мы обязательно с успехом войдем в тридцатку развитых стран мира!

**Лимана АХРИЕВА,**  
*студентка 1-го курса юридического факультета;*  
**Лейла ХАСАНАЕВА,**

*доцент кафедры истории Казахстана*

## «ЕКІНШІ ҰСТАЗ» ФИЛЬМІ КӨРЕРМЕНГЕ ЖОЛ ТАРТАДЫ

**Университетте Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, сондай-ақ университет жанындағы Телерадиокешені мен «Әл-Фараби» ғылыми-зерттеу орталығы қазақ және шетел фарабитанушы ғалымдардың қатысуымен түсірілген нидерландық деректі фильмді қазақ тіліне дубляждау жұмыстарын бастап кетті.**



В начале XXI века идеи Абу Насра аль-Фараби – знаменитого мусульманского философа.

Атап айтарлығы, ҚазҰУ-лық ұжым «Әл-Фараби – Екінші Ұстаз» атты деректі фильмді қазақ тіліне дубляждау, оны ел аумағында көрсету құқығына ие болды. Аталмыш фильм кейіпкердің жан-жақты қырын ашып көрсетеді.

2020 жылы ЮНЕСКО деңгейінде Әл-Фарабидің 1150 жылдығын ел болып атап өткелі отыр. Ұлы ғұламаның есімі берілген университетіміз Әл-Фарабиді кеңірек насихаттау мақсатында «Әл-Фараби–2020» атты ақпараттық-насихаттық жұмыстарын бастады. Бұл жобаның ауқымы кең және ол үш жылды қамтиды. Яғни осы уақыт аралығында түрлі шараларды елімізде

және шет елдерде кезең-кезеңмен ұйымдастырып, өткізу жоспарланып отыр.

Ақпараттық-насихаттық жұмыстың бір бағыты телевизия мен кино саласы арқылы ұлы ойшылды еліміздегі калың бұқараға насихаттау болғандықтан, жоғарыда

айтылған фильм туралы жағымды жаңалық сол жобалардың жақсы орындалып келе жатқанына хабар береді. Осы мақсаттар бойынша «Қазақстан» ҰТА мен ҚазҰУ арасындағы меморандум аясында аталған жобаны ұлттық арна эфирінен көрсету жолдары қарастырылып жатыр. Осылайша әлемге танылған тұлғамызды өздеріңізбен бірге халқымен қайта жүздестіруге ынталы екендігімізді білдіргіміз келеді.

**Жақыпбек АЛТАЕВ,**

*Әл-Фараби орталығының директоры, философия ғылымдарының докторы, профессор*

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**  
Тілшілер: **Айнұр АҚЫНБАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА**  
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**  
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**  
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

### МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: **kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында тіріліп, беттелді. "Дәуір" ЖШС РПБК-де басылды. Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17

Тел: 8(727) 273-12-04

### Бағасы келісім бойынша.

**Таралымы 1000 дана**

**Тапсырыс: №3039**

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.